Бекітемін:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**:
**Топ**: «Ботақан» ересек тобы
**Балалардың жасы**: 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 13.05-17.05.2023-2024 оқу жылы
**Топ тәрбиешілері:**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** 13.05.2024 | **Сейсенбі** 14.05.2024 | **Сәрсенбі** 15.05.2024 | **Бейсенбі** 16.05.2024 | **Жұма** 17.05.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсыалу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет) | | | | |
| | Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. Әуенді ойын: «Көңіл күй» Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау .(Музыка) | Балаларды амандасу бұрышында қарсы алу (Музыка) | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. | Балаларды нейро жаттығулармен қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл-күйді білдіретін смайликтермен қарсы алу.(Музыка) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес,** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, көктем мезгіліне арналған киім түрлері туралы кеңестер | | | | |
| | Жеке бас гигиенасын сақтау туралы кеңестер беру | Отбасындағы бала тәрбиесі жайлы | Көктем мезгіліне арналған киіну үлгісі туралы | Сұрақтарға жауап беру, ұсыныстарды | Демалыс кезінде күн тәртібін сақтау, туралы кеңестер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***әңгімелесу*** | | кеңестер беру | кеңестер беру | тыңдау | беру. |
| **Балалардың дербес әрекеті** (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітап тарды қарау және басқалар) | Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары ( жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс | | | | |
| | **Дидактикалық ойын:«Бөлме өсімдіктері»** **Мақсаты:** Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту,суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның | **Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?»** **Мақсаты:** Уақытты бағдарлау**:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен | **Дидактика лық ойын: «Өсімдіктерді күту»** **Мақсаты:** Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту,суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың | **Дидактикалық ойын: «Қай жерде орналасқан»** **Мақсаты:** заттарды оң Уақытты бағдарлау**:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен | **Дидактикалық ойын: «Жәндіктер»** **Мақсаты** : Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) | белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) | қажеттілігін анықтау. . (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері | белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) | көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | 1. Кіріспе бөлімі Қапты қолдан- қолға беруден алдынан-артына,артынан-алдына,адымдап жүру. Тізені жоғары көтеруден кезекпен астынан қапты өткізіп жүру. Қапты басқа қойып,қолдарын жандарына иықпен тең тепе-теңдікте жүру. Қапты арқаларына қойып,еңбектеп алға жылжу. Аяқ ортасына қысып алып,қос аяқта секіру. Жүгіру жыланша . Бөлініп 3коллонаға тұру. Созылып арақашықтықты қадағалау.<br>2. Негізгі бөлімі 1.Қолдағы қапты бір қолдан келесі қолға беруден,басты сол жаққа бағыттап бұру. 2. Б.қ.: түзу тұру, аяқтың арасын сәл ашу, қолдағы қапты,тізені көтеруден астынан өткізу./кезекпен/. 3. Қос аяқта тұрып,қолдағы қапты кеуде тұсында ұстап,денені оң жаққа,кейін сол жаққа айналдыру. 4.Еденге отыру аяқты кең ашып,қапты екі аяқтың ортасына тура созып алға иілу.Тізені бүкпеуге тырысу. 5. Еденге жатып,қолмен аяқты біркелкі көтеруден башпайға тигізу. 6. Қапты еденге қойып, қос аяқта оңнан-солға қаптан секіру Кезектестіріп жәй жүру. 6-8р 6 -8р 6-8р 6р 6-8р 10р 3. Қорытынды бөлімі Қапты жоғары көтеруден,дем алып. Түсіруден, дем шығару. Бір қатарға тұрып жәй жүру. 6-8р | | | | |
| **Таңғы ас** | **Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** ( мәдени –гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет көрсету;<br>**Еңбек дағдылары** :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қою,көркем сөздерді қолдану<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік) | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдас-тырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Ұзындыққа секір»<br>**Міндеті:** 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру).<br>Ұйымдастыру бөлімі:<br>Жалпы дамытушы жаттығулар:<br>Қол және иық белдеуіне арналған | **Музыка**<br>Маман жоспарына сәйкес | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Секіртпемен секір»<br>**Міндеті:** 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру).<br>Ұйымдастыру бөлімі:<br>Жалпы дамытушы жаттығулар:<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар<br>Қолды алға, екі жаққа, | **Музыка**<br>Маман жоспары на сәйкес | **Дене шынықтыру**<br>(таза ауада)<br>**Тақырыбы:** «Кім алғыр»<br>**Міндеті:**. Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; бір орында оңға, солға бұрылып секіру<br>Ұйымдастыру бөлімі:<br>Жалпы дамытушы жаттығулар:<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулар<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. (Жаттығуларды заттармен орындау).<br>Негізгі қимылды жаттығулар:<br>- 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың | | жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. (Жаттығуларды заттармен орындау).<br>Негізгі қимылды жаттығулар:<br>- 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы<br>- 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен | | түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. (Жаттығуларды заттармен орындау).<br>Негізгі қимылды жаттығулар: . -<br>Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру -(2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру),<br>-2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; бір орында оңға, солға бұрылып секіру<br>Қадағалау,бақылау, көмек беру.<br>**Қимылды ойын: «Мені қуып жет”** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | арақашықтығы<br>- 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру).<br>**Қимылды ойын: «Мені қуып жет”**<br>Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Мұрынмен тыныстау»<br>Еркін ойындар ойнау. | | 4–5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру).<br>**Қимылды ойын: «Мені қуып жет”**<br>Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Мұрынмен тыныстау»<br>Еркін ойындар ойнау.<br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: «Әке мен бала әңгімесі»**<br>Міндеті: Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, | | | Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу. Тыныс алу жаттығуы: «Мұрынмен тыныстау»<br>Еркін ойындар ойнау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мәнерлеп айтуға баулу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру<br>Шаттық шеңберінде: «Қайырлы таң» Қайырлы таң, ашық аспан! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, күннің нұры! Қайырлы таң, балабақшам -Қазір жылдың қай мезгілі? – Көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>Дидактикалық ойын: | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Қандай ертегі»<br>1.Артикуляциялық жаттығу: «Сағат тілі»<br>Сергіту сәті: Ал ,балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп,<br>бір Отырып, бір тұрып , Сәл тынығып алайық.<br>(Қимылмен орындайды, қайталайды)<br>Қорытындылау.<br>Балаларды жетондармен мадақтау | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Ретімен киіну ( **ауа-райына байланысты**),дұрыс киіне білулерін бақылау ( **Сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен**<br>-бақылау, зерттеу әрекеті;<br>еңбекке баулу<br>-қимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық | **Серуен № 18**<br>**Құстардың ұшып келуін бақылау**<br>Балалардың назарын ең бірінші өз атамекеніне ұшып келетін құстың- ұзақ екеніне көңіл аударту. Олар суықтан қорықпайды, тамағын | **Серуен № 19**<br>**.Қараторғайдың үйшігі және қараторғайларды бақылау**<br>Қараторғайдың үйшігінде немен шұғылданып жатқанын | **Серуен №20**<br>**Ұяларды бақылау.**<br>Балаларға көктемде көптеген құстар ұя салатынын айту,бірақ ұя құсқа үй болмайтынын | **Серуен №21**<br>**Суда жүзетін құстарды бақылау.**<br>Балалардың назарын өзендегі мұз кетпесе де шағалалардың ұшып келгеніне назарын аудару. | **Серуен №22**<br>**Жәндіктерді бақылау(қызылқоңыз, жазғытұрғы қоңыз,солдатиктер,маса)**<br>Балалардың жәндіктердің тіршілік орны,қозғалу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар мен жаттығулар; -балалардың дербес әрекеті; | тауып алады. Жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Жиі кездесетін жыл құстарының атауын, олардың ерекшеліктерін, ұқсастықтарын айыра білу. Құстардың пайдасы туралы білімдерін бекіту. Табиғат құбылыстарының арасындағы заңды байланысты көре білуге үйрету. Қимылды ойын «Лашын мен ұябасар» Балалардың бірінің артынан бірі сап түзей қозғалу біліктіліктерін бекіту.Келесі шарттарды орындату: бір-бірінен ажырап қалмау, лашын соңғы ойыншыны ұстайды, | бақылау;үйшіктен ескілерін лақтырып тастайды, қай кезде үйшіктегі торғайларды қуады. Қараторғайдың өз үйшігі алдында қалай ән салғанын қарау. Тұншыға айтады, қанаттарын қағады,басын шайқайды және тұмсығын кең ашады; әндері әр түрлі дыбыстарды еске түсіреді. Миялаған сияқты, әтештің шақыруы,болмаса арбаның шиқылы. | естеріне салу. Ұя жұмыртқа салу,оны басу және балапандарын өсіру үшін қажет. Құстарға биік шөптер, ағаштың басы пана бола алады. Ұя жасау үшін құстардың қандай материал қолданатынын бақылау. (қауырсындар, жүн шүйкесі,бұтақшалар және т.б)Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың бақағыштығын | Одан кейін жабайы үйректер де ұшып келеді. **Болжам** Егер жабайы үйректер күндіз қопа жағалауына кетсе-жаңбырға не желге. Қимылды ойын **«Үйрек»** Алаң бойында қозғалыста жүріп белгі бойынша «ұяға кіру» алаңқайдағы бар балалар үйрек болып жеңіл ұшып жүреді. Еңбек іс-әрекеті Суда жүзуші құстарды көпірде тұрып тамақтандыру. | тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету.Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау,қорытынды жасау,байқампаздықтарын, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорларын жинақтау. Қимылды ойын **«Көбелектер, бақалар,көкқұтан»** Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұябасар лашынды қолымен ұстамайды. Ойынды өз бетімен ұйымдастыру қажеттілігін дамыту. Еңбек іс-әрекеті Алаңдағы құстарды тамақтандыру Балаларды топ алаңына ұшып келген құстарды тамақтандыруға қатыстыру. Құстарға деген адамгершілік – әрекеттілікті тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе және сараптама. «Сауысқан да ,қарға да емес» Сурет бойынша әр түрлі құстарды балалардың тани білуі. Қыстайтын және жыл құстарын айыра білу | Балалардың жыл құстары туралы білімін кеңейту және бекіту. Жыл құстарын қарсы алуға үлес қосуға тарту. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру. Қимылды ойын «Қарлығаш» Балаларға ойын шартын сақтауды үйрету(ойыншылар шеңбердің ішіне жүгіре кіріп,қарлығашты босатуға тырысады, ал күзетші оны қорғайды) ойын барысында өз тәртіптерін әділетті де әділ | және білуге құмарлықтарын дамыту. Қимылды ойын «Ұшу» Сапқа тұру біліктіліктерін бекіту; ойынның шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету. Еңбек іс-әрекеті Құстарға ұя жасауға көмектесу. Балаларға құстарға көмектесуді ұсыну, жемсалғышқа тамақ қана емес, әр түрлі жүн- | Жем мен өсімдік тұқымдарын жемдеу үшін алдын ала дайындау.Суда жүзуші құстарға өз бетімен жем беру әдеттерін тәрбиелеу, Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама. **«Кімге не дәмді?»** Суретке қарап әр құстың тамағын тауып,көрсету. Шағала-балық,үйрек-балдыр,көкқұтан-бақа,торғай-жем,жапалақ-тышқан және т.б **Тәжірибе.** «Суда жүзетін құстардың | тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көкқұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру. Еңбек іс-әрекеті **Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу.** Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама. **«Төртінші артық»** Балалардың топтау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біліктіліктерін бекіту. Балалардың назары мен тапқырлығының дамуына ықпал ету. Ойынмен балалардың көңілін көтеру. Өз бетімен іс-әрекет Ортақ ойында өз тәртібі үшін жауапкершілікті тәрбиелеу, ойынның түпкі ниетін іске асыруға құлшыну. | бағалай білуге тәрбиелеу. Еңбек іс-әрекеті Гүлзардағы топырақты қопсыту Гүлзардағы көктемгі топырақты қопсытуға балаларды қатыстыру. Еңбек етуге не қажеттігін балалардың өз бетімен шешуін үйрету. Бір-біріне кедергі жасамай, бірігіп еңбек етуге машықтандыру. Еңбек барысында ұйымшылдық сезімдерін қалыптастыру. | жұрқаларды салғызу. Құстар оған қуанады, жұмысқа деген жауапкершілік пен ұйымшылдықты тәрбиелеу. Балалардың құстарға деген қызығуышылықтары мен сүйіспеншілігін дамыту. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама. Өз бетімен іс-әрекет Балаларға ойынға керек құрылыстарды салуға үйрету. (үй,кеме және т.б) Ойын барысында табиғи заттарды | тұмсығы неге осындай?» Құстардың тіршілігі мен құрылысы арасындағы байланысты анықтау. Қорытынды. Үйректердің, қаздардың және аққулардың тұмсығы жалпақ, ұзынша болады:ол жемін ұстап алуға, сүзгіден өткізуге, суда өзжемін табуға көмектеседі. **Өз бетімен іс-әрекет** Ойын таңдау барысында | салыстыру, қорытындылау дағдыларын дамыту; жәндіктер туралы білімін пысықтау. Өз бетімен іс-әрекет Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз іс-әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу, өз ойын,көзқарасын, мүддесін қорғай алу;құрдастарының ұсыныстары мен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Дидактикалық ойын.Тәжірибе және сараптама. «Құсқа үйшік тап» Сурет бойынша әр құсқа сай үйшік табу. Құстардың қылығы олардың қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту. Өз бетімен іс-әрекет Балаларды таңдап алған тақырып бойынша әр түрлі көмекші заттардың көмегімен құрастыруды, ойыншықтарды | қолдану(құм,су және т.б) Балалар ойынының мазмұны мен тақырыбын толықтыру және дамыту. | балалардың дербестігін дамыту. Ойынның мазмұнын құруда және барысында белсенділікті тәрбиелеу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ауыстырып ойнауды,ойын барысында қолдана білуге үйрету;балалардың өздері жасаған ойыншықтарды пайдалану. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет, ойын әрекеті,еңбек қызметі) | | | | |
| | **Дидактикалық ойын: «Біз білетін ертегі»** **Мақсаты:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы | **Дидактикалық ойын: «Заттарды ажырат»** **Мақсаты:** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, | **Дидактикалық ойын: «Ақылды лақ»** ертегісі **Мақсаты:** Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын | **Дидактикалық ойын: «Атауын тап?»** **Мақсаты:** Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу | **Дидактикалық ойын: «Әңгімені жалғастыр»** **Мақсаты:** Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) | арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту. | (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,Қазақ тілі) | дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,Қазақ тілі | санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,Қазақ тілі) |

<table>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау ( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі)<br>Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедулар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгінііліп қою,көркем сөздерді қолдану,мысалы:<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Түскі ұйқы</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау ( тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітап оқу ( көркемдік қызмет)</td></tr>
<tr><td>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Бесік жыры» музыкасын тыңдату<br>(музыка)</td><td>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау</td><td>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Ойыншықтар» музыка<br>(музыка)</td><td>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау</td><td>«Бесік жыры» әнін тыңдату.<br>(музыка)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Төсек үсті жаттығулары.<br>Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуға тырысу, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету. Балалардың жалпы физиологиялық жетілуін жақсарту, қимыл қозғалыс арқылы биологиялық қажеттілігін қанағаттандыру, жағымды эмоцияналды көңіл күй ортасын жасау.<br>Алақан мен аяққа арналған жаттығулар.<br>Ұсақ саусақ маторикасын дамытуға және майтабанның алдын алуға зор әсер етеді.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1) Алақанға арналған «Кірпі» жаттығуы. Тікенек допты алақанға салып, айналдыру.<br>2) Табанға арналған жаттығу.<br>3) Бақайға арналған жаттығулар. | | | | |
| **Бесін ас** | Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау ( **мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру.Тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Дидактикалық ойын: «Қуыршақтың ыдыстары»**<br>**Мақсаты**: Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық | **Дидактикалық ойын: «Сүйкімді лақ»**<br>**Мақсаты**:<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ | **Дидактикалық ойын: «Әдемі құмыра»**<br>**Мақсаты:**<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, | **Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»**<br>**Мақсаты:**<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. | **Дидактикалық ойын: «Апельсин мен лимон»**<br>**Мақсаты:**<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) | оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) | шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) | Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) | жұмысты ұқыптылықпен орындау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалармен жеке жұмыс, жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | Айсауле мен Арсенге Шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдануды үйрету. | Алина мен Рамазанға Естіген дыбыстарды дұрыс айтқызу. | Ахмадқа Қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетуді | Мухаммедке Суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін үйретуді жалғастыру. | Арунаға өзінің туған жерін атай білуге үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үйрету. | | |
| **Серуенге дайындық** | **Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау**. Ретімен киіну ( ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау ( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| **Серуен** | **Серуен№18. Құстардың ұшып келуін бақылау** Қимылды ойын «Лашын мен ұябасар» Балалардың бірінің артынан бірі сап түзей қозғалу біліктіліктерін бекіту.Келесі шарттарды орындату: бір-бірінен ажырап қалмау, лашын соңғы ойыншыны ұстайды, ұябасар лашынды қолымен ұстамайды. Ойынды өз бетімен Ұйымдастыру қажеттілігін дамыту. | **Серуен№19. Қараторғайдың үйшігі және қараторғайларды бақылау** Қимылды ойын «Қарлығаш» Балаларға ойын шартын сақтауды үйрету(ойыншылар шеңбердің ішіне жүгіре кіріп,қарлығашты босатуға тырысады, ал күзетші оны қорғайды) ойын барысында өз тәртіптерін әділетті де әділ бағалай білуге тәрбиелеу. | **Серуен№20. Ұяларды бақылау.** Қимылды ойын «Ұшу» Сапқа тұру біліктіліктерін бекіту; ойынның шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету. | **Серуен№21. Суда жүзетін құстарды бақылау.** Қимылды ойын **«Үйрек»** Алаң бойында қозғалыста жүріп белгі бойынша «ұяға кіру» алаңқайдағы бар балалар үйрек болып жеңіл ұшып жүреді. | **Серуен№22. Жәндіктерді бақылау(қызылқоныз, жазғытұрғы қоңыз,солдатиктер,маса)** *Қимылды ойын* **«Көбелектер, бақалар,көкқұтан»** Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көкқұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру. | | | | |